



Maghjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 42 (789) 19 қазан 2023 жыл

f www.facebook.com/Maghjan zhuldizi vk https://vk.com/Maghjan zhuldizi e-mail: maghjan.zhuldizi@yandex.kz

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ



Республика күні 25 қазан

Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Құрметті мағжандықтар!



Сіздерді Ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1990 жылдың 25 қазаны күні Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамы ретінде біздің еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Нақ осы күні еліміздің берік іргетасы қаланып, онда біз қазір теңқұрылық пен бір-біріне сыйластық ахуалы қалыптасқан өзіміздің еркін қоғамымызды құрып жатырмыз. Осынау тарихи құжатта анықталған, негіз болатын қағидаттар мен идеялар бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Декларация республикамыздың егемендігін жария етті және тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанның саяси-құқықтық негіздерін ресми түрде мәлімдеді.

Онда тұңғыш рет елдің тұтастығы, аумақтың тұтастығы, мәдениет пен тілдерді дамыту, ұлттың өзіндік ерекшелігін нығайту сияқты

мемлекеттіктің принциптері бекітілді.

Осыдан отыз екі жыл бұрын Қазақстан халқы дербес даму мен келешек ұрпағының жарқын болашағы туралы ата-бабаларының ғасырлар бойғы армандарын жүзеге асырып, тәуелсіз мемлекет құру жолын таңдап алды.

Президент жария еткен ауқымды саяси реформаларды, азаматтардың жақсы тұрмыс деңгейін арттыру мен өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі қабылданып жатқан барлық батыл қадамдарды бүкіл қазақстандықтар қолдайды.

Осы жарқын мереке сіздердің жүрекеріңізді бірлік пен жасампаздыққа ұмтылыс сезіміне бөлесін. Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, бейбітшілік, келісім, біздің ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасының игілігі жолында жаңа жетістіктер тілеймін!

Ғауез НҮРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.



Сіздерді еліміздің Ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

25 қазанда біз халқымыз үшін ең маңызды күндердің бірі - Республика күнін көңінен атап өтеміз, бұл мереке азаматтық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтып, елдің бүгінгі мен болашағы үшін ортақ жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді.

Қазақстан тәуелсіздіктің жаңа кезеңіне енді, әділ жаңа Қазақстанды құру бойынша нақты бастамалар қабылданды.

Бүгінде әлем тұрақтылық пен бейбітшілікке ұмтылуға негізделген мемлекетімізді өлемнің алтын бесігі деп таниды.

Біз мұны үлкен мақтанышпен айта аламыз. Егемен еліміздің жетістіктері орасан зор. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап мағжандықтар еліміздің дамуына және бүгінгі қол жеткізген жетістіктеріне зор үлес қосты.

Құрметті жерлестер! Бұл мереке Сіздердің жүрекеріңізді бірлік пен жасампаздыққа деген ұмтылыспен толтырсын. Сіздерге зор денсаулық, бақыт, шығармашылық шабыт, Отанымыздың игілігі үшін жемісті жұмыс тілеймін! Барлық бастамалар нәтижелі, ал болашағымыз жарқын болсын!

Қайрат ОМАРОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі.

ПАТРИОТТЫҚ АКЦИЯ

«ҚЫРАН ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАНЫМ!» патриоттық акциясы басталды

Мағжан Жұмабаев ауданының жастар ресурстық орталығы Республика күнінің жана ұлттық мереке ретінде қоғамдағы тарихи мәртебесін бекіту мақсатында әлеуметтік желілерде «Қыран елім – Қазақстаным!» атты патриоттық акциясын жариялады.

Акция мақсаты – Республика күніне арналған патриоттық өлеңдер, көркем суреттер, ерекше бейнеқұттықтауларды жариялау.

#RepublicDay

Менің атым Галайдина Мария. Бүгін мен Республика күніне арналған #RepublicDay акциясына қатысып отырмын. Қазақстан Республикасы - біздің ортақ үйіміз, туған Отанымыз! Мен өз Отанымды шексіз сүйемін және өте құрметтеймін. Отанға деген сүйіспеншілік пен патриотизм адамға тал бесіктен бойына сіңеді. Менің

өз елін жақсы көретін және мақтан тұтатын 7 жастағы кішкентай қызым бар. Өскелең ұрпақтың бойында Отансүйіштік, өз еліне деген адалдық пен құрмет сезімін оятайық. Естеріңізде болсын, біздің балаларымыз өздерінің ата-аналарынан үлгі алады! Сондықтан осы #RepublicDay акциясын қолдап, тарихқа енген Ұлы

күн туралы еске салайық, өйткені дәл 1990 жылы 25 қазанда біздің Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жолында алғашқы қадам жасады!

#RepublicDay

Осы челленджді Мағжан Жұмабаев ауданының белсенділеріне жолдаймын!



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

САДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ЦИФРЛЫҚ ЖОБАЛАР ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӨРТІНШІ ҚОРҒАУДА

Қазақстан өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Еліміз қоғамның әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында жаңа технологияларды нық енгізуде.

Цифрландыру жалпы мемлекет ретінде, сол сияқты құқық қорғау органдары ретінде де прогрессивтік дамудың түйінді факторы болып келеді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарлама шеңберінде, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті цифрлық жобаларды іске асыруда: «Электрондық қылмыстық іс» (e-KI), «Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізбегі» (ӘІБТ), «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізбегі» (ТСОБТ) және ЦДИАӨМ бірлескен «Е-Өтініш» жобасы.

Цифрлық жобалармен әкімшілік және құқықтық саладағы құқық қорғау және мемлекеттік органдардың, сондай-ақ қадағалау-бақылау органдары мен бизнес субъектілеріне қатынасы саласындағы қызметті барынша қамтуды қамтамасыз етеді.

Сонымен, Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізбегінің азаматтар үшін басымдылығы – процедураның ашықтығы, бақылаудың мүмкіндігі, айыппұлдарды орындауға тәуелсіздігі, шектеулерді автоматты түрде шешу, уақытты үнемдеу. Сонымен, егер бұрынғы азаматтар әкімшілік айыппұлдарды төлеу үшін банктің кезегінде тұрса, сондай-ақ уәкілетті органдарға барса, ол көп уақытты алатын еді, қазіргі күні аталған процесс автоматтандырылған, төлеу онлайн форматында үйден шықпай-ақ екінші деңгейдегі банк арқылы жүргізіледі.

Мемлекет үшін бұрмалау тәуекелін төмендету, уақыттың тиімді үнемдеу, қателерге жол бермеу, бұзушылықтарды бұғаттау, қаржыны үнемдеу, сондай-ақ айыппұлдарды өндіріп алуды арттыру.

Келесі жоба – Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізбегі.

Оны құраудағы мақсат – мемлекеттік органдардың уақытша және еңбек

шығындарын қысқарту, тексерулердің және олардың нәтижелерінің бірыңғай ақпараттық платформасын құру, тексерулердің ашықтығы, бизнеске әкімшілік қысым көрсетуді азайту, бақылау және қадағалау органдарына тексеруді тағайындау және тіркеу тәртібін оңтайландыру, тексеруге бизнесті таңдаған кезде адамдық факторларға жол бермеу үшін тәуекелділікті басқару процесін автоматтандыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелділікті жол бермеу, өзекті құқықтық статистика, жүйелі ведомстволық бақылау және прокурорлық қадағалау.

Тексеру кестесін қалыптастырған кезде ТСОБТ жүйесі объектінің арнайы ерекшелігін, тәуекел дәрежесін, тексеру, шағым беру және өтініштердің жағдайын, БАҚ мониторингін, есептің мәліметтерін есепке алады.

Осы жағдайды ескере отыра, ТСОБТ субъектінің өрі қарай тексеру үшін оның тәуекел дәрежесінің төмен немесе жоғары екендігін анықтайды.

Комитет «Qamqog – бизнесті қорғау» мобилдік қосымшаны әзірледі, оны кәсіпкерлер қолданады.

Оған online-чатта сұрақ беруге және жауап алуға, өтінішке фото, бейне материалдар қоса беру, тексеру жолы туралы мәліметтер, тексерушінің ТАӘ, негізі және т.б. мүмкіндіктер бар.

Сонымен қатар «Электрондық өтініштер» жобасы әзірленген және іске асырылған.

Жобаның мақсаттары: өтініштердің бірыңғай тізбегін құру, қарау процесін оңтайландыру үшін деректер қорымен интеграция жасау, қарау саласының бақылауын қамтамасыз ету, халықтың проблемасына жедел анықтау және ден қою.

Жергілікті атқарушы органдар үшін аталған жүйе мониторинг жүргізуге, талдауға, жүйелі проблемаларды айқындауға мүмкіндік береді, нәтижелері бойынша әлеуметтік шиеленістің алдын алу бойынша мемлекеттік органдармен бағытталған ескертулерді болжау.

Аталған жобаның артықшылығы: бірыңғай платформа, кері байланыс, азаматтардың уақытын үнемдеу, сонына

дейін бақылау, мемлекеттік органдармен өзара әрекет ету, өзекті талдау.

Осы жоба ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қылмыстық істерді тергеудің электрондық форматқа көзңді көшімін белгілейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарымен құқық қорғау және сот органдарына қылмыстық істерді электрондық форматқа көзңді көшу тапсырылған.

Электрондық қылмыстық істің модульді қылмыстарды, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауды, прокурорлық қадағалау және ведомстволық бақылауды тіркеудің барлық процесі іереді.

Online режиміндегі нақты қылмыстық іске қол жеткізудің мүмкіндіктері есебінен жүйелі ведомстволық бақылау және прокурорлық қадағалау қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық тергеу органдары үшін online режимінде қашықтықтан санкциялау мүмкіндігі, деректер қорынан мәліметтерді алу, қашықтық режимінде сараптама тағайындау және алу, сонымен қатар адвокаттарды автоматты түрде тағайындау мүмкіндігі ұсынылған.

Қылмыстық процестің адвокаттары мен қатысушылары үшін Көпшілік секторы әзірленген, ол өтініштерді, шағымдарды электронды түрде беру, интернет арқылы материалдарды алуға қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады.

«Электрондық қылмыстық істің» басымдылығы: уақыттың процестік үнемдеу; азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету, қылмыстық процестің ашықтығы, қаржыны үнемдеу.

Айтып өтер болсақ, Цифрлық Қазақстан Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде барлық құқық қорғау және мемлекеттік органдардың жүйелеріне жаппай интеграция жүргізілуде.

**М. КӨРІБАЙҚЫЗЫ,
ҚР БП ҚСЖАЕК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары.**

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН САҚТАУ ШАРТЫНЫҢ ЖАСАУ МАҢЫЗДЫ

2005 жылы қабылданған заң бойынша өр жұмыс беруші жұмыскерлерді сақтандыруға міндетті. Сақтандыру қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындауы кезіндегі жазатайым оқиғалардан сақтайды.

Бұл заң 17 жылдан бері қолданылып келе жатқанына қарамастан, әлі де міндетті сақтандыру шартын жасамайтын компаниялар бар.

Сақтандыру – бұл ЖШС, ЖК және басқа заңды тұлғалардың өз жұмыскерлерін соңғы еңбек міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру шартын жасасуы.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 182-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес сақтандырудың бұл түрі міндетті болып табылады және сақтандыру қызметкердің еңбек міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиға болған жағдайда ғана қолданылады. Жазатайым оқиғаға байланысты шығаратын төлемдер түрінде – белгіленген сомада не жұмсалған шығыстар сома-сында өтеледі.

Жазатайым оқиға деп адамның өркіне қайшы келетін, денсаулыққа зиян келтіруге, мертігуге немесе өлімге әкелуіне себеп болуына қарай механикалық, электрлік, химиялық, термиялық немесе басқа да әсер ету нәтижесінде пайда болған кенеттен, қысқа мерзімді оқиға түсініледі.

Міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалғару әкімшілік құқық бұзушылыққа әкел соғады. Осы құқық бұзушылық үшін кәсіпкерлік субъектісіне байланысты 1 000 АЕК дейін (2023 жылғы – 3 450 000 теңге) айыппұл салынады.

Қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру – еңбек (қызметтің) міндеттерін атқарған кезде өмір мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүлкіктің мүдделерін қорғау мақсатында, жұмыс берушілерге аннуитеттік сақтандыру шартын жасасу қажет.

**М. КӨШЕРБАЕВ,
СҚО әкімдігінің әмелкөшігі еңбек инспекциясы басқарманының Еңбек қауіпсіздігін бақылау және еңбекті қорғау бөлімінің басшысы.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға 10 жыл мерзімге берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурс өткізеді.

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ хабарламаның (хабарлама) бірінші жариялымынан күнтізбелік отыз күн кезеңі бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау басталады. Осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қабылданады. 2023 жылғы 20 қарашадан бастап 2023 жылғы 08 желтоқсанға дейінгі кезеңде өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады. Нәтижелерді шығарған күн конкурстың соңғы күні болып саналады. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні конкурстың нәтижесі шығарылады.

Конкурстың өтетін орны және күні, уақыты: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56, 2-қабат, отырыс залы мекенжайы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің ғимаратында 2023 жылдың 11 желтоқсандағы 10 сағат 00 минутта конкурстың нәтижелері шығарылады.

Конкурстың шарттары:

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру бойынша конкурсты жер комиссиясы ҚР Жер Кодексінің 43-бабының 2-тармағына сәйкес өткізеді.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін

уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім міндетті түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіге хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстың ұсынысы;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін

жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстың ұсыныстың болу керек:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкі жерге орналасуы жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өртарландыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстың ұсынысы, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық көлемде ұсынылады.

Талаптарға сәйкес келмейтін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім қабылданады.

Конкурстың өтінімдер "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі" КММ-не 2023 жылғы 08 желтоқсан сағат 18:30-дан кешіктірмей: 150800, Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, мекенжайы бойынша қолма-қол, веб-портал арқылы немесе пошта арқылы беріледі.

Конкурстың өткізу тәртібі туралы мәліметтерді және қосымша ақпаратты Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің www.mzh.sko.gov.kz, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімі» КММ www.ozo-mzh.sko.gov.kz, сайтында немесе 8 (71531) 2-03-75, 8 (71531) 2-08-33 телефоны бойынша алуға болады.

| Лот № | Алқаптардың құрамы | Алаңы, га | Бонитеттің орташа көтерілген балы | Жер учаскесінің орналасқан жері | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Сумен қамтамасыз етілуі | Өңірдің ауылшаруашылық мамандануы |
|-------|---|-----------|-----------------------------------|---------------------------------|--------------------------------|-------------------------|-----------------------------------|
| 1 | Табиғи жайылымдар: Г-5 өріс-138,5 г; Жолдар-0,5 га | 139 | 24,8 | Конюхов ауылдық округі | қарапайым қара топырақтар | Қанағаттанарлық | Мал шаруашылығын дамыту |
| 2 | Табиғи жайылымдар: 8 өріс – 52 г; Жолдар – 1 га; басқалары-1 га; Су астында-30,1 га | 84,1 | 38,6 | Алтын дән ауылдық округі | қарапайым қара топырақтар | Қанағаттанарлық | Мал шаруашылығын дамыту |
| 3 | Көкөніс бақшалары: өріс ОҚ.-24 га. | 24 | 43,3 | Булаев қалалық округі | қарапайым қара топырақтар | Қанағаттанарлық | Өсімдік шаруашылығын дамыту |

САУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ТҰМАУ, ЖРВИ ЖӘНЕ COVID-19 ЖАҢА КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Тұмау, ЖРВИ, жаңа коронавирустық инфекция (COVID-19) – бүкіл әлемде таралатын жедел респираторлық вирустық инфекциялар адамдардың барлық жас топтарына әсер етеді. Вирустар науқас адамнан сау адамға негізінен ауа тамшылары арқылы (түшкіру, жетелу кезінде) беріледі. Барлық үш ауру ұқсас және ұқсас белгілері бар жедел респираторлық ауруларды тудырады (дене қызуының жоғарылауы, қалтырау, бас ауруы, әлсіздік, мұрынның бітелуі, жетел, тыныс алудың қиындауы, бұлшықет ауыруы, көздің сулануы және көзді қыру, кейбір жағдайларда жүрек айну, құсу, диарея). Ең жиі кездесетін асқынулардың бірі - пневмония, ол әртүрлі ауырлық дәрежесіндегі тыныс алу жеткіліксіздігімен бірге жүруі мүмкін.

Ауруға 65 жастан асқан, созылмалы аурулардан (қант диабеті, бронх-өкпе жүйесі аурулары, жүрек-қан тамырлары аурулары) зардап шегетін адамдар, иммунитеті төмен адамдар, жұкті әйелдер аса сезімтал.

Тұмаудың алдын-алудың ең тиімді құралы - вакцинация. Өз денсаулығы мен айналасындағылардың денсаулығына қамқорлық жасайтын әрбір адам вакцинацияны қажет етеді. Уақтылы вакцинация тұмаумен сырқаттанушылықты бірнеше есе азайтады, аурудың ағымын жұмсартып, оның ұзақтығын қысқартады, асқынулардың алдын алады. Тұмауға қарсы вакцинация эпидемиологиялық кезеңге дейін жақсы жасалады.

Жедел вирустық респираторлық аурулардың спецификалық емес алдын алу шаралары аурудың қаупін едәуір азайтуға және вирустық инфекцияның таралуын болдырмауға мүмкіндік береді:

- ЖЕКЕ ГИГИЕНАНЫ САҚТАҢЫЗ:**
- мұрынға, ауызға, көзге қол тигізбеңіз;
- жетелгенде, түшкіргенде аузыңыз бен мұрныңызды бір рет қолданылатын майлықтармен жабыңыз;
- жеке гигиеналық заттарды ғана қолданыңыз (сүлгі, тіс щеткасы);
- қолыңызды сабынмен және сумен жиі жуыңыз, соның ішінде көшеден оралғаннан кейін жуу, басқа адамдармен байланыс (қолыңызды сабынмен жуу мүмкін болмаса,



алкоголь немесе дезинфекциялық майлықтарды қолданыңыз);

- сөлөмдесу кезінде тығыз құшақтау мен қол алысуды шектеңіз.

ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ:

- адамдармен ықтимал байланыста болған кезде (көлікте, бөгде адамдармен байланыста болған кезде, науқасқа күтім жасау кезінде) тыныс алу органдарын қорғауға арналған жеке маска;
- маска мұқият бекітіліп, аузы мен мұрынның тығыз жауып, бос орындар қалдырмауы керек;
- масканы шешкен кезде масканың бетіне тигізбеңіз, егер сіз оны ұстасаңыз, қолыңызды сабынмен немесе алкоголь тәртізес сұйықтықпен мұқият жуыңыз;
- бір реттік масканы қайта қолданбаңыз;
- пайдаланылған бір реттік масканы дереу қоқысқа тастаңыз.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАШЫҚТЫҚ

ПРИНЦИПТЕРІН ҰСТАНЫҢЫЗ

- басқа адамдармен кемінде 2 метр қашықтықты сақтаңыз.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНЫҢЫЗ:

- толық ұйқы;
- ақуыздарға, дәрумендерге және минералдарға бай тағамдарды тұтыну, дене бөлсеңділігі;

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ:

- сіз тұратын бөлмелерде дезинфекциялық құралдармен үнемі ылғалды тазалау және жиі желдету;
- жанасатын беттерді дезинфекциялық ерітінділермен немесе майлықтармен өңдеу (үстелдер, есік тұтқалары, орындықтар, гаджеттер және басқалар).

АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ:

- респираторлық вирустық аурулармен ауыратын науқастармен байланыс;
- адамдар көп жиналатын орындарға

бару; тұмау эпидемиясы, ЖРВИ, жаңа коронавирустық инфекцияның таралуы кезінде.

- (COVID-19) - қалалық қоғамдық көлікті пайдалану, контактарға бару.

АУРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІНДЕ БАСҚАЛАРҒА ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНЫҢЫЗ:

- үйде болыңыз және шұғыл түрде дәрігерді үйге шақырыңыз;
- басқа отбасы мүшелерімен байланысты мүмкіндігінше шектеңіз;
- қолыңызды сабынмен және сумен жиі жуыңыз; жеке ыдыстарды қолданыңыз;
- бөлмені жиі желдетуді, жанасу беттерін тұрмыстық жуғыш заттармен және дезинфекциялық майлықтармен өңдеуді қамтамасыз етіңіз;
- дереу дәрігерді үйге шақырыңыз;
- дәрігердің нұсқауын қатаң сақтаңыз.
- ОТБАСЫ МҮШЕСІ АУЫРҒАН ЖАҒДАЙДА БІР АДАМ НАУҚАСҚА КҮТІМ ЖАСАУЫ КЕРЕК:**
- науқасқа пәтерде бөлек бөріңіз (егер бұл мүмкін болмаса, науқастан кемінде 1 метр қашықтықты сақтаңыз);
- науқас пен басқа жақын адамдар, әсіресе, балалар, қарттар мен созылмалы аурулары бар адамдар арасындағы байланысты минимумға дейін шектеңіз; пәтердің бөлмелерін жиі желдетіңіз;
- тазалықты сақтаңыз: беттерді тұрмыстық жуғыш заттармен мүмкіндігінше жиі жуыңыз және дезинфекциялаңыз;
- науқасқа күтім жасау кезінде аузыңыз бен мұрныңызды масканы жауып қолыңызды сабынмен және сумен жиі жуыңыз;
- дәрігерді үйге шақыртыңыз;
- дәрігердің ұсыныстарын қатаң сақтаңыз.

ӨҢГІМЕ ЖҮРГІЗІҢІЗ:

- балалармен жедел респираторлық инфекциялардың алдын алу шаралары туралы. Барлық алдын алу шараларын сақтау Сізді және айналаңыздағы адамдарды тұмау ауруларынан және оның жағымсыз салдарларынан қорғайтынын есте ұстаған жөн.

Мүлліха ШИБУЧИКОВА, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ВАКЦИНАЛАУ - ЕҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛ



Вакциналау - тұмаудың алдын алудың негізгі құралы және тұмаудың ауыр асқынуларынан және, өсірілгенде, эпидемиядан келетін залалды азайтудан қорғаудың ең тиімді шарасы болып табылады.

Вакциналау - вакцинацияланған адам үшін де, айналасындағы адамдар үшін де тұмаудың жалпы қаупін азайтады. Вакциналауды тұмау маусымы басталғанға дейін жүргізген дұрыс.

Вакциналау келесі тұрғындар топтары үшін тегін болады:

- медициналық-әлеуметтік мекемелердегі адамдар (жүйелері, бүйелері, қарттар үйлері);
- медициналық ұйымдарда диспансерлік есепте тұрған түрлі науқастары бар балалар;
- медицина қызметкерлері;
- эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша:
- жұкті;
- созылмалы аурулары бар адамдар;
- 65 жастан асқан тұлғалар.

Қалған ниет білдірген тұлғалар емханалардағы вакциналау орталықтарында тұмауға қарсы егілулері мүмкін. Қолданылатын вакциналар биылғы жылға арналған өзекті және ДДҰ болжамдарына бейімделген штаммдарды қамтиды.

2023/2024 эпидемиологиялық маусымда тұмаудың алдын-алуға арналған вакцина -Гриппол+ (РФ) вакцинасы сатып алынды. Бұл үш валентті суббірлік (үшінші буын вакциналары), 2023 жылға арналған өзекті штаммдар және ДДСҰ болжамдарына бейімделген инактивацияланған тұмауға қарсы вакцина. А және В типті тұмау вирустары бұлшықетке 0,5 мл дозада салынады, балаларға едәтте санның квадрицепспен (жамбастық ортаңғы үштен бір бөлігі), ал үлкен балалар мен ересектерге дельтатөрізді бұлшықетке (иыққа) салынады.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау орталығының баспасөз қызметі.

ОҚУШЫНЫҢ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУЫ

Кез-келген, тіпті, әр түрлі диета, әсіресе, қарқынды өсу кезеңінде балалар ағзасының дәрумендер мен минералдарға деген қажеттілігін толық қамтамасыз ете алмайды. Ас қорыту жүйесінің созылмалы аурулары мектеп кезеңінде балалық шақта жиі кездесетін аурулардың қатарына жатады. Оқушылар үшін құрамында пайдалы заттар бар пайдалы тағамдарды жеу маңызды.

Балалардың дені сау және ақылды болып өсуі және дамуы үшін бала кезінен дұрыс тамақтануға үйрету керек, ол үшін білуге тиісті нәрселер:

- артық тамақтанбаңыз;
- тез тамақтанбаңыз, құрғақ тағамдарды пайдаланбаңыз және жүре тамақ ішпеңіз;
- тамақтану кезінде бөгде істермен айналыспау (оқу, телешоуларды, ұялы телефондарды көру);
- майлы тағамдарды, төттілерді, кириешкаларды, көмпиттерді, гамбургерлерді, чизбургерлерді, пиццаларды көп тұтырмаңыз;

ОҚУШЫЛАР ҮШІН ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ РЕЖИМІ:

- күнде белгілі бір уақытта тамақтану, күніне кемінде 4-5 рет түрлі тағамдар тұтыну.

«Таңғы ас» - мидетті түрде ыстық болуы керек тағамнан (бірінші немесе екінші) және сусыннан (компот, желе, шай және шыршындар) тұрады. Таңғы асқа немесе жұмыртқаны, шыршындарды, жемістерді, сары май немесе ірімшік қосылған бұтербродтарды жеке қабылдауға рұқсат етіледі.

«Түскі ас» - салат, бірінші, екінші тағам (гарнир) бар ет, балық немесе сүз етінің негізгі тағамы) және үшінші (компот, желе, шай және шыршындар) кіреді. Пісірілген және жаппа піскен көкөністерден қарапайым салаттар дайындалың.

Мәзірдегі «түстен кейінгі тағамдар» құрамында кремі жоқ



тоқаш немесе кондитерлік өнімдері бар сусын (сүт, ашытылған сүт өнімдері, желе, шыршындар) болу керек.

«Кешкі ас» - көкөніс (сүзбе) тағамнан немесе ботқадан, негізгі екінші тағамнан (ет, балық немесе гарнир) бар сүз еті), сусыннан (шай, шыршы, желе) тұрады. Балалардың диетасының маңызды бөлігі - сүт. Табиғи сусындарға артықшылық беру керек: табиғи көкөніс және жеміс шыршындары, компоттар, табиғи ауыз су.

Қабылданатын тағамның температурасы 43 С0 аспауы тиіс. Витаминдер мен минералдардың жеткілікті мөлшерін тамақпен қамтамасыз ету маңызды.

* Мидың жүйке жасушалары В дәрумендері мен РР никотин қиыншылық болмаса дұрыс жұмыс істей алмайды, сондықтан балық, бұршақ дақылдары, жарма, картоп, сүт өнімдері, жұмыртқа, ірі нан, ашытқы жеп отырыңыз.

* Ақпаратты қабылдау қабілетін арттыратын - майшабақ, нөміл, тұқы, сардина, тунец.

* Ауыр жұмыс кезінде шаршауды жеңілдетуге көмектесетін - жаңғақтар.

* Кептірілген өрік, мейіз, пісірілген алма, сүзбе және басқа да сүт өнімдеріндегі калий, кальций ойлау қызметін жақсартады.

* Аспаяндар, қалдыр, шаяндар зейінді шоғырландыру қабілетін арттыруға көмектеседі.

* Банандар стресстен арылуда, сергектік пен өзіне деген сенімділікке ықпал етеді. Мектеп жасындағы балалардың дұрыс тамақтануы оның күшті иммунитетінің, жақсы оқу үлгерімі мен денсаулығының кепілі болып табылады.

Есіңізде болсын, тағам дәмді, пайдалы және өртүрлі болуы керек.
Күлсара ӘЛЖАНОВА,
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

САМАН КЕҢЕСІ

ҚҰТҚАРУШЫЛАР – ХАЛЫҚ ҚОРҒАНЫ

19 қазан – Құтқарушылар күні. 1995 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылған арнайы қызмет күні бүгінге дейін халыққа қалтқысыз еңбек етіп келеді. Шынында да құтқарушылар мамандығы өте қиын және қауіпті. Сондықтан бұлар құтқарушылар ерекше адамдар, себебі, күнделікті дабыл бопыныша өтпен күресіп, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алып және оларды жою жолдарын атқарады. Бұл күресте құтқарушы жұмысының қауіптігі сонша, әрбір басқан қадамы соңғы болуы мүмкін. Олар үшін құтқару, сақтау, көмектесу, қорғау – ең алғашқы міндеттері болып табылады.

Бүгінде Қазақстан ТЖМ қызметкерінің беделі жоғары екеніне дау жоқ. Осы жұмыстың нәтижесі – мыңдаған құтқарылған өмірлер. Мәртебесі биік мамандық иелерінің төл мерекесі қарсаңында біз өрт сөндірушілермен сұхбат құрып, олардың аса ауыр да қауіпті қызметі туралы әңгімелейміз. Мағжан Жұмабаев ауданында екі өрт сөндіру бөлімі бар, бірі – Булаев қаласында, екіншісі – Возышенка ауылында орналасқан.

Осы Возышенка ауылындағы № 22 өрт сөндіру бекетін жас та болса, білімді әрі білікті Дулат Кенжебаев басқарады. 2022 жылдың шілде айында тағайындалған Дулат Қайдарұлының жетекшілігімен возышендік құтқарушылар ондаған өртті ауыздықтап, ауылдықтардың өмірін сақтап қалды.

Дулат Кенжебаев 1997 жылы 16 мамырда Тимирязев ауданы Тимирязев ауылында дүниеге келген. 2004-2015 жылдары аралығында туған жеріндегі қазақ мектеп-интернатында білім алып, жоғарғы сыныптарда құтқарушы мамандығын таңдайды. Осы арманын қуып, ол Көкшетау қаласындағы техникалық институтқа оқуға түседі.

Қолына диплом алған жас өрт сөндіруші үздіктер қатарынан көрініп, арнайы жолдамамен Екатеринбург қаласына Ресей ТЖМ мемлекеттік өртке қарсы қызметіне тәжірибе алмасуға жіберіледі. Осылайша, Дулат Қайдарұлы 5 жыл бойы өртке қарсы қызмет мамандығы бойынша білімін жетілдіріп, оқуын сәтті аяқтайды.

Туған еліне оралған құтқарушы Қызылжар ауданы Бескөл ауылындағы төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері болып тағайындалады. Мұнда ол абы-

ройлы қызмет етіп, іскерлігімен көзге түскен соң, Петропавл қаласындағы №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне ауыстырылады. Көпқабатты тұрғын үйлер мен ғимараттарда орын алатын өрттерді сөндіруге машықтанған Дулат Қайдарұлы арнайы оқуда алған білімі мен тәжірибесін іс жүзінде пайдаланып, әсіресе, жас құтқарушылармен тығыз қарым-қатынас орнатады.

- Төтенше жағдай кезінде жұмыстың дұрыс үйлестірілуі және ұжымның ауызбіршілігі аса маңызды. Сондықтан батыл мамандар елдің көз-келген жеріне жедел көмекке келуге дайын. Адам өміріне қауіп төнген уақытта еш кідіруге болмайтынын, тез арада шешім қабылдау керектігін жақсы түсінемін. Сондықтан күнделікті жұмыста әріптестерімізбен техника мен жабдықтарды дайын ұстап, құтқарудағы арнайы оқу-жаттығу жұмыстарының жобасын құрумен және дене шынықтырумен тұрақты түрде айналысамыз. Бұл тәжірибе бізге лезде дұрыс шешім қабылдап, адам мен мүлкті құтқаруға септігін тигізіп жатыр. - дейді № 22 өрт сөндіру бекетінің бастығы Д.Қ. Кенжебаев.

Иә, өрт сөндірушінің өпті әрі күшті болуы басты міндет. Ол үшін олар спортпен шұғылдануға үлкен назар аударып, жаттығу барысында өрт сөндіруде қолданылатын арнайы тәсілдер мен жаттығуларды шынықтырады. Өрт сөндірушілер әр минут сайын өз өмірлерін төуекел етеді, өзіне қауіп төндіреді. Осындай асқан жауапкершілікті талап ететін мамандықты Дулат Қайдарұлы таңдағаны үлкен ерлік. Азаматтық қорғаудың аға лейтенанты 2022 жылы облыстық байқауда аға инженерлер



арасында жеңімпаз атанып, өз ісінің үздігі екенін дәлелдеген.

Шынымен де ержүректілік, батырлық, жанқиярлық – құтқарушыларға тән қасиеттер екен. Бұл мамандыққа көздейсоқ адам келмейді, өйткені, құтқарушы мамандығы жақсы физикалық дайындықты, жүйке бекемділігін, төзімділікті, тасып-тулаған апат алдында қорқынышты жеңе білу қабілеттілігін және өрине, мінсіз абырой-беделді талап етеді. Осы қасиеттер бойынша табылған әрбір құтқарушы біз үшін биік тұлға.

Осындай жігерлі де жүректі жігіттерге қарап, өрт сөндіруші-құтқарушы – нағыз ерлердің мамандығы екеніне көз жеткізесің. Олардың бойында ең бастысы – төзімділік және жауапкершілік бар. Содан болар, өрт сөндіруші болу оңай емес. Бұл мамандықты тек рухы биік, нағыз шеберлер ғана атқара алады. Ендеше, құтқарушы деген жоғары атақты абыройлы арқалап жүрген өрт сөндірушілерге амандық, қажымас қайрат, шыдамдылық пен сәттілік тілеп, барша сала қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтаймыз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

СУРЕТТЕ: Возышенка ауылындағы № 22 өрт сөндіру бекетінің бастығы Дулат КЕНЖЕБАЕВ; бекеттің жеке құрамы.

РУХАНИ КЕЛІСІМ – БІРЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ



1992 жылы 18 қазанда Қазақстанда бірінші дүниежүзілік Рухани келісім конгресі өтті. Бұл күні Алматыда барлық діндердің өкілдері, белгілі ғалымдар, мәдениет қайраткерлері жиналып, 18 қазанды Рухани келісім күні деп жариялауға шақырды. Содан бері бұл мереке татуласу, мейірімділік және көршісіне көмектесу күні, сондай-ақ қақтығыстар мен қақтығыстарға маратор-болып саналады.

«Рухани келісім күні» - толеранттылық, өзара түсіністік және дін мен мәдениеттегі айырмашылықтарды құрметтеу мерекесі. Рухани келісім күнінің басты мақсаты - өртүрлі діндер мен мәдениеттер арасындағы диалог пен бейбітшілікті насихаттау. Бұл мереке сенімдердің өртүрлілігін құрметтеуге бағытталған және әр адам өзінің дініне немесе мәдени ерекшеліктеріне қарамастан айналасындағы адамдармен бейбітшілік пен келісімде өмір сүре алатын үйлесімді, өзара түсіністік қоғамын құруға ықпал етеді.

Бұл мерекенің маңызы өте зор. Ол діндер мен мәдениеттердің өртүрлілігін құрметтеу негізгі принцип болып саналатын қоғам құруға бағытталған. Бұл діни сенімдеріне қарамастан адамдар

арасындағы байланысты нығайту арқылы бейбітшілік, әділеттілік және ынтымақтастық орнатуға ықпал етеді. Рухани келісім күні оның барлық мүшелері үшін үйлесімді қоғам құра отырып, толеранттылыққа, ынтымақтастыққа және құрметке шақырады.

Қазақстанда құрылған мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынас моделі діндарлардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және әріптестік қатынастарына және өзара түсіністікке ұмтылуға негізделген. Мемлекеттің дін саласындағы теңдестірілген және тиімді саясатының, діни және этномәдени бірлестіктердің рухани келісімге қосқан үлесінің арқасында біздің елімізде этникалық және діни негіздегі қақтығыстар жолында берік тосқауыл қамтамасыз етілді.

Рухани келісім күні Қазақстан халқын дәстүрлі адамгершілік құндылықтар теңірегінде біріктіреді, қазақстандық қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылық жолында толеранттылық пен рухани келісім идеяларын насихаттайды.

Айгүл ӘБСАЛЫҚОВА,
діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.

САМАЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 130 ЖЫЛ

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ



Достық үйінде халықаралық Түркі академиясы және М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен көрнекті ақын, педагог, Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай «Мағжан Жұмабаев мұрасы: түркі дүниесінің рухани тұтастығы мен тарихи сабақтастығы» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

маңызы жайында айтып өтті. Алқалы жиынның маңызды бөлімі М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдары жарыққа шығарған «Мағжан Жұмабаевтың академиялық жинағын таныстыруға арналды. Академиялық басылым сериясымен жарыққа шыққан үш томға Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері, поэмалары мен аудармалары, оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми мақалалары еніп отыр.

Мағжан мұрасы туған елінің бостандығы мен еркіндігі, түркі әлемінің тұтастығы мен бірлігіне арналды. Сондықтан Мағжан Жұмабаев шығармаларының түркі руханиятындағы маңызын ашу бүгінгі уақыт талабы, деп атап өтті осы жиында

Халықаралық түркі академиясының вице-президенті, PhD Асхат Кесікбаев.

Жиында Мырза Ұлықбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Насимхон Рахмонов «Мағжан Жұмабаев - ұлттық ояну әдебиетінің басты өкілі» тақырыбына баяндама жасаса, ел-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Дандай Ысқақұлы «Мағжан - түркі әлемінің дара ақыны» екенін өз баяндамасына арқау етті. Ал тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Мәмбет Қойгелді «Алаш партиясы және Мағжан» турасында ой өрбітсе, Евразия ғылыми-зерттеу институтының директоры, PhD, профессор Суат Бейлур «Түркі

әлемінің интеграциясындағы Мағжанның орны», Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақып «Мағжан поэзиясының кейбір ерекшеліктері» тақырыбындағы баяндамасымен алашшыл ақынның мұрасының маңызын ашып қана қоймай, оны бүгінгі күн тұрғысынан зерттеу мәселесін қозғады.

Жиында сонымен бірге кинорежиссер, документалист Х.Омаров түсірген «Мағжан Жұмабаев» деректі фильмі көрсетілді.

Конференцияға қатысқан ғалымдар Мағжанның ақындық өлемі, XX-XXI ғасырдағы әдеби-мәдени байланыстар, Мағжантану және түркология саласы, көркем әдебиеттегі Мағжанның ақындық дәстүрі, ағартушылық қызметі, қайраткерлік тұлғасы және Алаш қозғалысы, қазіргі заманғы өзекті мәселелері, архив, музей және сирек қолжазба деректеріндегі Мағжан мұрасын зерттеуге байланысты пікірлерін ортаға салды.



Жиында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры, филология ғылымдарының докторы, ҰҒА корреспондент мүшесі Кенжехан Матыжанов ашып, Мағжан мұрасын зерттеудің

САУДАНДЫҚ БАЙҚАУ

«Мағжан елі жырлайды»

«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің аудандық филиалы, «Подлесок» әдеби-шығармашылық студиясы мен аудандық ардагерлер кеңесі бірлесіп, Мағжан Жұмабаев ауданының 95 жылдығына орай, «Мағжан елі жырлайды» атты шығармашылық байқауын жариялады.

«Подлесок» 30 жыл бойы біздің дарынды жерлестерімізді анықтауға, олардың талантын дамытуға, біздің туған жеріміз бен оның адамдарын дәріндеуге ықпал ететін әдеби-патриоттық конкурстар өткізіп келеді. Мұндай жұмыстың нәтижесі мағжандықтардың бірнеше жинақтарын басып шығару себеп болды. Биылғы бұл байқау ауданымыздың 95 жылдығына арналып отыр. «Мағжан елі жырлайды» - ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай клуб басып шығарған поэтикалық жинақтың да атауы.

Байқау биыл 5 шілдеде басталды. Дәл осы күні 1928 жылы аудандық жұмысшылар, шаруалар және қызылскер депутаттары кеңесінің Булаев атқару комитеті құрылды. Бұл біздің аудан шежіресінің басы болып табылады. Байқауға түсетін жұмыстарды қабылап алқасы қарайды. «Подлесок» клубының кеңесі аудандық ардагерлер кеңесімен бірлесіп ұзақ мерзімді іс-шара туралы шешім қабылдады. Жұмыстар 10 желтоқсанға дейін қабылданады. Байқауға жіберілген үздік туындылар «Мағжан жұлдызы» және «Вести» газеттерінде дәстүрге сай жарияланатын болады. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

«Аудан шежіресі» аталымы бойынша біздің ауылдардың, ұйымдар мен кәсіпорындардың тарихымен таныстыратын публицистикалық жұмыстар, сондай-ақ осы тақырыпты көрсететін шығармашылық жұмыстар қабылданады.

«Біздің мақтаншымыз, Біздің даңқымыз» атты номинация - біздің ең танымал жерлестерімізге: Ұлы Отан соғысының батырларына, интернационалист-жауынгерлерге, еңбегі мен даңқты істерімен мақтануға құқылы адамдарға арналған жазбаларға, очерктерге, әңгімелерге және басқа жанрдағы шығармашылық жұмыстарға арналады.

«Менің туған жерімнің сұлулығы» атты аталымда жұмыстар оқырманды Мағжан елінің ең көрікті жерлерімен, оның өсем орындарымен таныстырып, туған жерімізге деген сүйіспеншілікті жырлауы қажет. Патриоттық лирикадан бастап журналистикаға дейінгі барлық жанрдағы жұмыстар қабылданады.

«Саялы аллейлар» номинациясында өлеңдер, әңгімелер, лирикалық жоспардағы очерктер қарастырылады. Конкурсқа туындылар автордың тегі, аты және өкесінің аты, оның мекен жайы және байланыс телефондары көрсетілген электрондық түрде жол-



дануы тиіс. Жұмыстарды аудандық газет редакциясының мекен жайына "Мағжан елі жырлайды" деген белгімен gazeta_vesti@mail.ru мекен жайына жіберу керек. Қазір «Подлесок» клубы өз авторларының тағы бір жинағын басып шығаруға дайындалуда. Ол келесі жылы шығуы керек. Байқау жеңімпаздарының жұмыстары да осы кітапқа енеді.

Құрметті мағжандықтар! Біз өз ауданымызды жақсы көреміз, оның өткенін мақтан тұтып, оның болашағына сенеміз. Ендіше, туған жерімізге деген сүйіспеншілікті дәріптейтін жинақты жасауға бірге атсалысайық.

Ұйымдастыру комитеті.

«Саялы аллейлар» номинациясы

«МӘНГІЛІК ЕЛІМЕ»

Қазақстан – елім, алтын бесігім,
Қымбат маған, елім, сенің есімің!
Жері баятқа кең жайылған даламның,
Елін сүйген мен де сенің балаңмын.
Мәңгілік ел, қуанам әр жеңісіңе,
Жыр жасайын қалам алып, өзіңе.
Мәңгілік елім, көк туың мәңгі желбіреп,
Жайнай берсін бақыт нұры көзіңде.
Мәңгілік елім – Тәуелсіздік төрінде,
Халқым, енді алағ ұмтып өмірде!
Соның бірі ұстаз ана мен болам,
Бақыттымын ере алсам өзіңе.
Әрбір сенің азаматың, жүрегің,
Алағ ұстап ақ ниет пен тілегің,
Битпес аумыр, саған Елім, тілейді,
Өйткені, Сен – Мәңгіліксің, білемің!
Желбіреді көк туымыз аспанда,
Ендігіміз мойындатып жалаңа.
Енді бізде жалғыз ғана арман бар,
«Мәңгілік ел болам» деген жалғанда!
Қымбатсың сен, Елім менің – Мәңгілік!
Жар саламын есіміңді ән қылып.
Өзең елберді құрметтеймін, сыйлаймын,
Бірақ сені жырлай берем таңды ұрып!
Бірігі мен ынтымағы жарасқан,
Бейбітшілік – ұраны, ал аспан,
Көк туымыз желбірейтін мекен гої,
Сондықтан да әлем бізбен санасқан!

Жамила ДОСОВА,
биология және география пәнінің
мұғалімі.
Медвежжа орта мектебі.



ТЕКСЕРУШІЛЕР ТАРАЗЫЛАРҒА ЖЫЛ САЙЫНҒЫ МІНДЕТТІ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗЕДІ

Мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдер тізбесі сауда-коммерциялық операциялар кезіндегі тауарлардың массасын өлшеумен толықтырылды.



Енді әрбір сауда объектісі елдің барлық облыстарында бар аккредиттелген (құзыреттілігін бағалаудан өткен) тексеру зертханаларында аттестатталған салыстырып тексерушілердің таразыларды жыл сайынғы міндетті тексеруін жүргізуі тиіс. Егер бұрын тексеру туралы талап тек сатылатын тауарлардың геометриялық параметрлерін өлшеу құралдарына қатысты болса (ұзындығы және т.б.), енді таразылар қосылды.

Тексерудің мәні өлшеу құралдарының міндетті метрологиялық талаптарға сәйкестігін растау болып табылады. Ол үшін аттестатталған тексеру әдістемесі пайдаланылады, нәтижесінде оң нәтижелер салыстырып тексеру таңбасының бедерімен куәландырылатын бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылады, теріс жағдайда өлшеу құралының жарамсыздығы туралы хабарлама жіберіледі.

Өзгерістер «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» заңның қолданыстағы ережелеріне негізделген, ол мемлекеттік метрологиялық бақылау объектілері, оның ішінде сауда операциялары жасау кезінде ісәкілетін шығарылатын өнім саны және ішкі сауда ережелері болып

табылатындығын тікелей анықтады, оған сәйкес сауда объектісі қажетті сауда мүқаммалымен, жабдықпен, оның ішінде қолдануға рұқсат етілген өлшеу құралдарымен жарақтандырылады «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңның талаптарына сәйкес.

Осылайша, самақтық өнімді сату кезінде тұтынушылар өлшеудің дұрыс емес нәтижелерінен заңмен қорғалады және олар төлеген самақтық алады. Сараптамалық бағалаулар бойынша тексеру ұсынылатын өлшеу құралдарының шамамен 8-10%-ы одан өтпейді, сол арқылы жарамды болып табымайды.

Заңталаптарын сақтамағаны үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 419-бабында жеке (30 АЕК) және заңды тұлғаларға (230 АЕК-тен 1600 АЕК-ке дейін) айыппұл түрінде жауапкершілік көзделген.

Азамат КАРИМОВ,
«Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» PMM бас маманы - СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

БАРЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІ САЛЫҚТАРДЫ, АЛЫМДАРДЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН ӨЗГЕ ДЕ МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕРДІ УАҚТЫЛЫ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ ТӨЛЕУ ТИІС

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабына сәйкес заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу арқайсысының борышы мен міндеті болып табылады.

Мемлекет басшысы өзінің қыркүйектегі Жолдауында кәсіпкерлік субъектілерінің назарын мемлекеттік кірістер органдарының салық төлеушілермен өзара іс-қимылының қолданыстағы моделін өзгертуге мүмкіндік беретін және мәжбүрлеп салықтық өкімшілендіруден оның профилактикалық сипаттағы қызмет етуіне көптеу ықпал ететін адалдық пен заңға мойынсұнушылық қағидаттарына аударды.

Белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді уақтылы төлеу зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге қаражат бөлінетін мемлекеттік бюджетті толықтыруға және қалыптастыруға ықпал етеді.

Алайда, барлық кәсіпкерлік субъектілері өздеріне елдің негізгі заңымен жүктелген міндеттері тиісінше орындамай отыр.

2023 жылдың өткен кезеңінде Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік кірістер органдары салық жеңілдіктерін алу және салық төлемдерін азайту мақсатында салық төлеушілер жасаған мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы 111 талап арыз берді, ал 2022 жылдың ұқсас кезеңінде 119 талап арыз немесе 7%-ға азайды.

Мәселен, биыл берілген 111 талап-арыздың 43 (109) бойынша талаптар қанағаттандырылды, кейіннен контрагенттерге қосылған құн салығы 180 млн.тенге мөлшерінде қосымша есептеліп, 68 (10) талап-арыз 2 млрд. теңгеден астам қаражат айналымымен мәмілелер бойынша соттардың өндірісінде.

Мемлекеттік кірістер органдарының талап-арыздары бойынша соттар шығарған шешімдерді талдау кәсіпкерлік субъектілерінің даулы мәмілелер жасасуының негізгі себептері салық салынатын базаның (қаражат айналымының) жасанды түрде азаюынан көрінетін, бюджетке төленуі жататын салық мөлшерін заңсыз төмендетуге не белгілі бір преференциялар алуға (төлеуден босату, субсидиялар алу және т.б.) өкпе соғатын соңғысының жосықсыздығы болып табылатындығын көрсетті.

Өткен сот актілері бойынша мемлекеттік кірістер органдары жасырын салықтарды қосымша есептеу және өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайды.

Осыған байланысты, Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы барлық кәсіпкерлік субъектілерін салықтарды, алымдарды және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді уақтылы және толық төлеу жөніндегі міндетті сақтауға шақырады.

Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

2024 ЖЫЛЫ БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ БОЛМАЙДЫ: МӘМС ТӨЛЕМІН ҚАЛАЙ ЖАСАЙМЫЗ?

Келесі жылдан бастап бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) алынып тасталады деген сыбысты есті сала, анығын білу үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына хабарласып, «МӘМС-ке жарнаны қалай төлейміз?» деп сұрайтын азаматтар жетерлік. Шынымен де 2024 жылы бұл төлем түрі болмай ма? Болмаса, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар МӘМС төлемдерін қалай төлейді? Бұл медициналық сақтандыру қорының шешімі ме?

БЖТ ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАНДАЙ МАҚСАТПЕН ЕНГІЗІЛЕДІ?

Бірыңғай жиынтық төлемін алып тастау Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының шешімі емес. БЖТ жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін 5 жылға (2019 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін) уақытша енгізілген еді өрі оны тек басқа жеке тұлғаларға жеке қосалқы шаруашылық өнімдерін сататын және қызметтер көрсететін жылдық табысы 1175 аялық есептік көрсеткіштен аспаса төлей алады. Басқа жағдайда бұл төлемді пайдалануға болмайды. Алайда бұл норманы жұмыссыз өрі тұрақты жұмысы жоқ азаматтар, бала күтімі бойынша бір жарым жасқа дейінгі әлеуметтік төлемдерді алу үшін жүкті әйелдер пайдаланып келеді.

Бірыңғай жиынтық төлем республикалық және облыстық маңызы бар қала тұрғындары үшін бір айлық есептік көрсеткіш көлемін және басқа елді мекендердің азаматтары үшін 0,5 АЕК құрайды. Яғни, биыл БЖТ мөлшері тиісінше 3 450 теңге және 1725 теңге.

Бірыңғай жиынтық төлем төлеуші ретінде тіркелудің артықшылығы өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды БЖТ төлемегені үшін қандай да бір жауапкершілікке тарту шарасы қарастырылмайды. Алайда өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам бірыңғай



@MSQORY



1414 БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ



QOLDAU 24/7 МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАСЫ



@MSQORY_KZ



PR@FMS.KZ



@SAQTANDYRYBOT TELEGRAM-БОТЫ



FMS.KZ РЕСМИ САЙТЫ

жиынтық төлемнің бір айын уақытылы төлемесе, сақтандыру мәртебесінен айрылады. Сондықтан ай сайын төлем уақытын өткізіп алмау маңызды немесе алдағы кезеңдерге алдын ала төлем жасау керек.

«Бірыңғай жиынтық төлемнің негізгі және жалғыз мақсаты – өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жүйелеріне тарту. Сондықтан бұл төлемдері төмен жеңілдік кезеңі болды. Қазір жеке тұлғалардың табысын декларациялау кезең-кезеңімен енгізілу үстінде. Бұрын кәсіпін тіркемеген азаматтар кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе жаддамалы қызметкер болып жұмыс істеуі керек», – деді Дамир Көбжасаров.

КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ БЖТ БОЛМАСА, БАСҚА ТӨЛЕМ ТҮРІ ЕНГІЗІЛЕ МЕ?

БЖТ төлеген азаматтар әрі қарай дербес төлеуші ретінде төлем жасай алады (2023 жылы – 3500 теңге). Осы жерде ескеретін жайт, азаматтардың сақтандырылған мәртебесі болуы үшін, МӘМС туралы заңға сәйкес, 12 айға төлемі болуға тиіс. Егер БЖТ төлеушілердің өткен 1 жылға төлемі болса, 2024 жылдан бастап әр ай сайын дербес төлеуші ретінде төлем жасай алады. Ал толық 12 айға төлем жасалмаса, мысалы ағымдағы жылы 7 айға төлемі болса, азаматтар төленбеген 5 айға дербес төлеуші ретінде әр айға 3500 теңгеден төлеп шыға алады. Келесі жылдан бастап ай сайын жарна төлей береді. Ал ағымдағы жылы 3-4 айға БЖТ төлеген адамдарға алдағы 12 айға төлем

жасап, 1 жылға алдын ала сақтандырылған мәртебесін алған тиімді.

Тұрақты табысы жоқ ауыл тұрғындарының МӘМС жүйесінен тыс қалу қаупі бар. Қазір осыған байланысты ауылдық аймақтарда түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Статистикалық деректер бойынша 01.10.2023 жылға Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 15 692 БЖТ төлеуші бар.

Осыған байланысты өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуді және осы ақпаратты облыс тұрғындарына жеткізуді сұраймыз. Осы мәселеге жағалық атқару органдары, алғашқы медициналық-санитарлық көмек (АМСК) ұйымына қосылуы сұраймыз.

Әзірше, азаматтар алдағы жарты жылда БЖТ-ны төлей береді. 2024 жылы сақтандырылған мәртебесін жоғалтпау үшін азаматтар жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе дербес төлеуші ретінде жарна төлейді.

Төлем Қазақстанның кезкелген банкіне, банктердің мобильді қосымшалары арқылы және «Қазпошта» бөлімшелерінде қабылданады. Төлем жасау кезінде ақша аударылатын тұлғаның жеке сөйкестендіру нөмірін, төлем жасалатын айды көрсету керек.

Егер сіздің тағы да сұрақтарыңыз болса немесе медициналық көмек алуға қиындықтар туындаса, өз емхананың «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгініңіз. Ал ол жерде мардымды жауап ала алмасаңыз, Қордың өзіңізге ыңғайлы арналары бойынша өтініш-шығымдарыңызды қалдыра аласыз:

- fms.kz ресми сайты;
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы;
- Telegramдағы SaqtandyryBot;
- 1414 Бірыңғай байланыс орталығы.

Сонымен қатар, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалында азаматтарды қабылдау кабинеті ұйымдастырылғанын еске саламыз.

2023 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында СҚО бойынша филиалмен 3 178 адамға консультациялық кеңес көрсетілді, оның ішінде 574 адам азаматтарды қабылдау кабинетіне жеке өзі жүгінді. 2022 жылдың осы кезеңінде 3 028 консультация берілді, оның ішінде 493 адам жеке өтініш білдірді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының мекенжайы Абай көшесі, 57. Телефондар: 8 (715)2-555165, 555164.

Сондай-ақ Электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

Лариса ГОРДЕЕВА,
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры.



| Дүйсенбі, 23 қазан | Сейсенбі, 24 қазан | Сәрсенбі, 25 қазан | Бейсенбі, 26 қазан | Жұма, 27 қазан | Сенбі, 28 қазан | Жексенбі, 29 қазан |
|--|---|--|--|---|---|--|
| QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN |
| 06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.30 ЖӘДІГЕР. 06.30, 05.00 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 TANSHOLPAN. 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 AQPAPAT. 10.10, 18.00 ТХ «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.30 ТХ «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 13.30, 03.35 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 АЛТЫН ҚАҚПА. 15.20 АРТА. 16.10 AQRORDA. 16.20, 04.25 Д/Ф. 17.10, 01.55 ТХ «АҒАЙЫНДЫ». 20.35, 02.45 ASHYQ ALAN. 22.30 ТХ «АЛДАНҒАН АРМАН». 23.30 1001 ТҮН. 00.50 САНА. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 AQPAPAT. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 ТХ «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.30 ТХ «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 13.30, 03.45 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 АЛТЫН ҚАҚПА. 15.30, 04.35 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 16.15, 05.10 АУЫЛДАСТАР. 17.10, 02.55 ТХ «АҒАЙЫНДЫ». 20.35 ASHYQ ALAN. 22.30 ТХ «АЛДАНҒАН АРМАН». 23.30 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ...». 07.00 TANSHOLPAN. 10.00, 18.00 ТХ «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00, 23.30 «РЕСПУБЛИКА». 14.30, 02.55 Д/Ф. 15.05 «МУЗАРТ». АНСАМБЛІНІҢ КОНЦЕРТІ. 20.00 КОНЦЕРТ. 22.30 ТХ «АЛДАНҒАН АРМАН». 00.50 ФУТБОЛ. 03.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 04.20 MERGENDER MEKENI. 05.00 АУЫЛДАСТАР. 05.30 ЖӘДІГЕР. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 AQPAPAT. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 ТХ «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.30 ТХ «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 13.30, 03.45 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 АЛТЫН ҚАҚПА. 15.25, 04.35 БІРЕГЕЙ. 16.20, 05.20 АУЫЛДАСТАР. 17.10, 02.55 ТХ «АҒАЙЫНДЫ». 20.35 ASHYQ ALAN. 22.30 ТХ «АЛДАНҒАН АРМАН». 23.30 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.55 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.35 AQPAPAT. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 ТХ «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00, 13.10, 21.30 ТХ «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 13.30, 02.50 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 АЛТЫН ҚАҚПА. 15.25, 03.55 ДАРА. 16.40, 03.40 ДАЛА ДӘМІ. 17.10, 02.00 ТХ «АҒАЙЫНДЫ». 20.35, 01.10 ASHYQ ALAN. 22.30 ТХ «АЛДАНҒАН АРМАН». 23.30 ҚОҢЛІ ТОЛҚЫНЫ. 00.00, 05.15 PARASAT MAIDANY. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.10 ЖӘДІГЕР. 06.30, 20.00, 02.15 AQPAPAT. 07.05, 04.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.45, 03.40 ШАҒЫРАК. 08.20 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 09.00, 02.45 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.10, 18.00 ТХ «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.10, 20.30 «QAZAQSTAN DAUBISY». 14.20 ДАЛА ДӘМІ. 14.40 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 15.20 КОНЦЕРТ. 17.35, 04.15 ОТАНДЫҚ BRAND. 20.20, 02.35 AQRORDA. 22.30 ТХ «АЛДАНҒАН АРМАН». 23.30 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 00.35 ТХ «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». | 06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.15 ЖӘДІГЕР. 06.30 AQPAPAT. 06.50 AQRORDA. 07.00, 04.35 КҮМІС КОМЕЙ. 07.45, 03.55 Д/Ф. 08.35, 03.05 AQAAYUT. 09.00 ҚОҢЛІ ТОЛҚЫНЫ. 09.20 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 10.00, 18.00 ТХ «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 «QAZAQSTAN DAUBISY». 14.10 САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ. 16.35 «MERGENDER MEKENI». 17.25, 03.25 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 02.15 АРТА. 20.50 КОНЦЕРТ. 22.30 ТХ «АЛДАНҒАН АРМАН». 23.30 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 00.35 ТХ «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». |

| Дүйсенбі, 23 қазан | Сейсенбі, 24 қазан | Сәрсенбі, 25 қазан | Бейсенбі, 26 қазан | Жұма, 27 қазан | Сенбі, 28 қазан | Жексенбі, 29 қазан |
|--|---|---|---|--|---|--|
| ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР |
| 05.00 МЕҒАХИТ. «ПARIЖ ПОДОЖДЕТ». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕКТЕП. 10.30 М/Ф. 12.00, 20.00 ТХ «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00 ТХ «КЕЛІНЖАН». 16.00, 00.00 Т/С «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 ТХ «РАУЗА. САКУРА - ЖАС ӨРКЕН». 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 Т/С «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 10.00 ШКОЛА. 10.20 ЕҒЕМЕНДІКТІҢ БАСТАУЫ. 11.20 Д/Ф. 12.00, 20.00 ТХ «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00 ТХ «КЕЛІНЖАН». 16.00, 00.00 Т/С «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 22.00 ТХ «РАУЗА. САКУРА - ЖАС ӨРКЕН». 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 Т/С «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 10.00 Д/Ф. 10.35 М/Ф. 12.00 ТХ «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00 ӨНЕР БАРЫСЫ-2023. 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 20.00, 22.00 КОНЦЕРТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 00.00 Т/С «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 Т/С «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 10.00 В ФОКУСЕ. 10.25 «ЕҒЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАҒАНЫНА 33 ЖЫЛ». 10.40 Д/Ф. 11.10 М/Ф. 12.00 КОНЦЕРТ. 14.00 АЙНАLINE. 15.00 ТХ «КЕЛІНЖАН». 16.00, 00.00 Т/С «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 20.00 ТХ «ТАҒДЫРҒА СЕН». 21.45 ТХ «РАУЗА. САКУРА - ЖАС ӨРКЕН». 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 Т/С «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕНІҢ ӨМІРІМ. 10.30 М/Ф «КОМАНДА ДИНО». 12.00, 20.00 ТХ «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00 ТХ «КЕЛІНЖАН». 16.00 Т/С «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 ТХ «РАУЗА. САКУРА - ЖАС ӨРКЕН». 23.00 МЕҒАХИТ. «ОСТРОВ ПРОКЛЯТЫХ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 «ТОРJARGAN». 07.00 КОНЦЕРТ. 08.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУБЫРІ. 08.30 МАҒАДІЙ ТЕР. 10.00 МЕХАНТ. «ОСТРОВ ПРОКЛЯТЫХ». 12.00 М/Ф. 13.15 М/Ф «КОМАНДА ДИНО». 14.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 16.00 ТХ «КЕЛІНЖАН». 17.45 АСЫЛ ДОМЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 21.40 «НЕСНОСНЫЕ ЛЕДИ» 23.40 ХАБАР СПОРТ. 00.20 ОҚЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 TORJARGAN. 07.00 КОНЦЕРТ. 08.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 09.00 ОЯНҒАН ӨЛКЕ. 10.00 «НЕСНОСНЫЕ ЛЕДИ» 12.00 М/Ф. 13.20 М/Ф «КОМАНДА ДИНО». 14.00 COVER SHOW. 16.00 ТХ «КЕЛІНЖАН». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.15 МЕҒАХИТ. «БЕС-СМЕРТНЫЕ». 00.15 ОСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. |

| Дүйсенбі, 23 қазан | Сейсенбі, 24 қазан | Сәрсенбі, 25 қазан | Бейсенбі, 26 қазан | Жұма, 27 қазан | Сенбі, 28 қазан | Жексенбі, 29 қазан |
|--|--|---|---|---|---|---|
| ТВ ЕВРАЗИЯ | ТВ ЕВРАЗИЯ | ТВ ЕВРАЗИЯ | ТВ ЕВРАЗИЯ | ТВ ЕВРАЗИЯ | ТВ ЕВРАЗИЯ | ТВ ЕВРАЗИЯ |
| 06.00 ТХ «ПРАВДА О ДЕЛЕ ГАРРИ КВЕБЕРТА». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДВА ЦВЕТА СТРАСТИ». 14.10, 02.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА-2». 01.00 Т/С «БИЗОН. ДЕЛО МАНЕКЕНЩИЦЫ». 02.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТХ «ПРАВДА О ДЕЛЕ ГАРРИ КВЕБЕРТА». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДВА ЦВЕТА СТРАСТИ». 14.10, 02.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА-2». 01.00 Т/С «БИЗОН. ДЕЛО МАНЕКЕНЩИЦЫ». 02.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТХ «ПРАВДА О ДЕЛЕ ГАРРИ КВЕБЕРТА». 06.50 ТОЙ БАЗАР. 07.55 «П@УТИНА». 09.00 «ЗОЛОТАЯ РЫБКА» Х/Ф. 10.50 3+3? 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.15 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА-2». 01.00 Т/С «БИЗОН. ДЕЛО МАНЕКЕНЩИЦЫ». 02.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТХ «ПРАВДА О ДЕЛЕ ГАРРИ КВЕБЕРТА». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00, 01.00 Т/С «БИЗОН. ДЕЛО МАНЕКЕНЩИЦЫ». 14.10, 02.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА-2». 02.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТХ «ПРАВДА О ДЕЛЕ ГАРРИ КВЕБЕРТА». 07.00, 03.25 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «БИЗОН. ДЕЛО МАНЕКЕНЩИЦЫ». 14.10, 02.00 НОВОСТИ. 14.20, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.15 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ОТПУСК ПО РАНИЩО». | 06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.55, 03.40 «П@УТИНА». 09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.10 «ОТПУСК ПО РАНИЩО» 14.30 QOSLIKE. 16.20 БЕЙКУНО. 17.15 DASTARXAN. 18.30 АЙНА. 19.00 «X FACTOR». 20.10 «АРТИСТ» 00.10 «ФАНТАСТИКА». 02.10 Т/С «РОДИТЕЛИ». | 06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.45, 03.30 «П@УТИНА». 08.50 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.00 ПОЕХАЛИ! 10.00 ҚАЙМАҚ. 10.35 КВН. 13.20 X FACTOR. 14.30 «МОЯ НОВАЯ ЖИЗНЬ» Х/Ф. 18.40 ӘУТАЙ. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «АРТИСТ» 00.50 ЧТО? ГДЕ? КОГДА? 02.00 Т/С «РОДИТЕЛИ». |

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатындықтың белгісі.
Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткің!
Отан үшін отқа түс – күймейсің.
Опасызда Отан жоқ.
Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.



АҚ ТЛЕК

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Өмірлік жарым, асқар таудай өкеміз,
сүйікті атамыз
ҚУСАЙНОВ ҒАЗЕЗ ИСАУЛЫН
туған күнімен шын жүректен
құттықтаймыз!
Ардақтымызға мықты денсаулық,
қажымас қайрат, сарқылмас күш-жігер
тілеп, ұрпағының ыстық махаббатына,
қызық пен шаттығына бөлене беріңіздер
демекпіз.
Ақ жүректі, дарқан көңіл пейілді,
Ақыл берген әкесіз ғой, мейірілі,
Тойыңызға ақ тілектер арнаймыз,
Келген жасың болсын дейміз қайырлы.
Ақтарылып айтар болсақ, біз егер,
Ортамызда қызық көріп жүре бер.
Ағыны мол өмір дейтін арнада,
Қиындықсыз жүзге дейін жүзе бер.
Жүреқтарды тілекпен: асыл жары
Амаидық, балалары, жиендері, жиен-
шарлары Айлин, Арпан, Әли, Томирис.



БАСПАСӨЗ - 2024

ЦИФРАНДЫРУ

EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ҚҰЖАТЫНЫҢ МЕРЗІМІ ӨТКЕНІ ТУРАЛЫ PUSH-ХАБАРЛАМАЛАР ЖІБЕРЕДІ

Қазақстандықтар бүгіннен бастап push-хабарламалардың жаңа түрін алатын болады. Хабарламалар диагностикалық тексеру картасының жарамдық мерзімі аяқталғаны туралы алдын ала хабарлайды.

Жаңартулар азаматтарға құжаттың жарамдылық мерзімі туралы 30 күн бұрын ескертуге мүмкіндік береді. Жіберілген push-хабарламалар eGov mobile мобильді қосымшасының «Хабарламалар» бөлімінде қолжетімді.

Егер мобильді қосымша орнатылмаған болса, пайдаланушыға қосымшаны жүктеуге сілтемесі бар 1414 нөмірінен қосымшаға жаңа хабарлама келгені туралы SMS жіберіледі. «Президенттің көрінбейтін мемлекет» тұжырымдамасы аясында біз азаматтарға қажетті қызметтерді көрсетуді және олар туралы алдын ала хабардар етуді жалғастырып жатырмыз. Push-хабарламалар азаматтарға ыңғайлы, себебі хабарламалар бір ай бұрын жіберіледі және азаматтардың жаңа құжатты қайта рәсімдеуге уақыты болады. Осылайша, біз көлік иелеріне көптеген қауіптердің алдын алуға көмектесеміз. Бүгінде eGov mobile әртүрлі өмірлік жағдайларға арналған push-хабарландырулардың 15 түрін ұсынады. Уақыт өте бұл сан артады», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Конышкин.

Сондай-ақ eGov mobile-ді қосымшасында цифрлық құжат – «Диагностикалық техникалық байқау картасы» қолжетімді. Жаңа құжатта техникалық жай-күй параметрлерінің тізбесі мен міндетті техникалық байқаудың нәтижелері



көрсетілген көлік құралы мен оның тіркелушісінің иесі туралы мәліметтер бар. Құжаттың мерзімі өтіп кетсе, ол цифрлық құжаттарда көрсетілмейді.

Көлік иелері электрондық құжатты қағаз құжатпен қатар ұсына алады. Цифрлық құжатты eGov mobile мобильді қосымшасының басты бетіндегі «Цифрлық құжаттар» бөлімінде табуға болады. Құжат иесі оған QR коды арқылы қол жеткізе алады, бұл құжатты сұраған Тарапқа оның түпнұсқалығын тексеруге көмектеседі.

Цифрлық құжат - түпнұсқа құжаттың аналогы. Қазіргі уақытта «Цифрлық құжаттар» сервисінде 29 құжат бар, оның ішінде жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, ҚР азаматының паспорты және басқалар.

Жаңартулар ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш қызметі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысы кезінде іске асырылды.

ҮШ МЫҢНАН АСТАМ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛАДЫ



Техникалық байқау ережелерін бұзу фактілері анықталған үш мыңнан астам диагностикалық карталардың күші жойылады. Тәртіп бұзушыларға 1414 нөмірінен қайтадан техникалық байқаудан өту қажеттілігі туралы SMS хабарламалар жіберіледі.

Жұмыс тобының қатысуымен жүргізілген диагностикалық карталардың мониторингін (2023 жылғы 4 шілде мен 3 қазан аралығында) нәтижелері бойынша көлік құралдарын жалған техникалық байқаудан өткізу белгілері бар 3324 диагностикалық карталарда фотосуретті өңдеу белгілері бар бұзушылықтар анықталды (1-сурет).

Енді алдағы күндері көлік құралдарын міндетті техникалық тексеруді ұйымдастыру және өткізу қағидаларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес бұл карталардың күші жойылады. Бұдан кейін цифрлық құжат eGov mobile мобильді қосымшасында да көрсетілмейді. «Өздеріңіз білетіндей, 4 шілдеде заң жүзінде жалған техникалық байқаудың күшін жою туралы өзгерістер енгізілген Ережелер күшіне енді. Жақын арада Көлік комитетімен сол техникалық байқау ережелерін бұзғандардың құжаттарын жою шараларын қабылдаймыз. Осындай шаралардан кейін азаматтар техникалық байқауды «сатып» алмайды, керісінше оларды заңды түрде өтеді деп сенеміз. Өйткені жолдағы адамдардың қауіпсіздігі мен өміріне бірінші

кезекте жүргізушілердің өздері жауапты», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Ростислав Конышкин.

Қазіргі уақытта «Техникалық байқау» бірыңғай ақпараттық жүйесіне 820 техникалық байқау операторы қосылған. «Техникалық байқау» БАЖ операторы аптасына кемінде екі рет жүйеге келіп түскен деректердің объективті мониторингін жүргізеді, көлік саласындағы салалық бірлестіктер мен ұйымдар арасынан, сондай-ақ құқық қорғау органдарының өкілдерінен жұмыс тобын құрады.

ҚР ИИДМ 2023 жылғы 20 сәуірдегі бұйрығына сәйкес «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінің Операторы болып белгіленді. Сондай-ақ, Үкімет қаулысына сәйкес «Техникалық байқау» БАЖ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының маңызды нысандарының тізіміне енгізілді.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы, www.nitec.kz

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу науқаны басталғанын хабарлаймыз. Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы - 990 теңге

Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80,
редакция - 2-21-35.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ПОЛИЦИЯ МАЛ БАҒУ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУҒА ШАҚЫРАДЫ

Құрметті аудан тұрғындары!
Сіздерден ауыл шаруашылығы жануарларын қадағалауларыңызды, мал бағу ережелерін бұзуларыңызды сұраймыз, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын өлді-мекендерде байлауда қалдыруға тыйым салынады, ауыл шаруашылығы жануарлары жайылымда бақташының қадағалауында болуы тиіс.
Мәселен, ҚР ӨҚБТК 408 бабына сәйкес Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу:

- Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары белгілеген ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу – **үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.**
- Жеке тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге өкел соққан дәл сол әрекет – **он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.**

Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі.

АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі - Қыраубаев Азамат Жаңбырбайұлы айдың әр аптасының сәрсенбісі, сағат 14.30-дан 15.30-ға дейін қабылдайды. Булаев қаласы әкімінің орынбасары – Райымбеков Темур Әмірзарұлы айдың әр аптасының бейсенбісі, сағат 14.30-дан 15.30-ға дейін қабылдайды. Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, тел. 2-14-46, 2-14-07.

Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән

ауылдық округінің әкімі - Форш Валерий Яковлевич апта сайын сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Советское селосы, тел. 3-66-12.

Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі - Жағыпаров Жаспан Қайроллаұлы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Молодогвардейское селосы, тел. 3-36-31.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдел кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:

- «Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-14-46.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-66-12.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-36-31.

| | | | | |
|--|---|--|---|--|
| <p>Директор - бас редактор Неля ГОЙЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Газета «Весты» ЖШС»</p> | <p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспа-ым нөмірі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p> | <p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p> | <p>«Magjan zhuldyz» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петрова к. Кошук ов к-сі, 5 үй). Таразымы - 555</p> | <p>Газет аудан әкімінің, аудандық мемлекеттік тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми баспа болып табылады</p> |
| <p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарнаманың мақалалық авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдастар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланады, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады</p> | | | | |